

Сұлтанмахмұт - саңлақ ақын!

Биыл көрнекті ақын, қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, жерлесіміз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары республика көлемінде «Жыл кітабы» аталымына ие болды. Ұлы тұлғаның шығармаларын дәріптеу мақсатында ағымдағы жылдың 21 мамыры күні облыс орталығындағы ақынның ескерткіші маңында «Сұлтанмахмұт - аққан жұлдыз сыңары!» атты ақынды еске алу шарасы өтті.

Осыдан 97 жыл бұрын 1920 жылдың 21 мамырында «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» ақын өмірден өткен еді. Аз жасап, көп іс тындырған тау тұлғаны еске алу шарасында жергілікті ақындар жүректерінен шыққан жыр туындыларын оқыды. Шараға ақындар Ш.Байғалы, К.Лунин, «Жыр жауһар» клубының мүшелері, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары, Павлодар мұнай-химия зауытының қызметкерлері белсене қатысты.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы «Бір ел - бір кітап» акциясын 2007 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырып келеді. Шараның басты мақсаты - оқырмандар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқырмандардың төл әдебиетімізге деген қызығушылығын ояту. Жас ұрпақты кітап оқуға баулу. Бұрнағы жылдары А.Құнанбаевтың, М.Әуезовтің, С.Мұратбековтің, І.Есенберлиннің



Суретті түсірген - Владимир Бугаев.

шығармалары дәріптелсе, биылғы жылы жерлес ақынымыз, қоғам қайраткері Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларына таңдау түсіп отыр. Аталған акция ағымдағы жылдың 20 сәуіріндегі «Кітап Fest» халықаралық кітап және авторлық құқықты қорғау күні фестивалінің қарсаңында басталған.

«Павлодар Торайғыровты оқиды» акциясы аясында облыстық кітапхана ұжымы бірқатар әлеуметтік жобалар ұйымдастырған. Акция эстафета ретінде де өтуде. Бірінші болып эстафетаны Ақсу қаласы қабылдады. Ақынның құрметіне ұйымдастырылған шаралар алдағы уақытта облыстық кітапхананың ресми сайтында жарияланатын болады.

А.ӘБДІЛҰЛЫ.